

Өнегелі өмір иесі

МЕЙІРІМНЕН ЖАРАЛҒАН ҰСТАЗ-АНА



Осындай құрмет иесі, бүгінде сексеннің сенгіріне шыққан ардақты ұстаз Досқұл Абдуллинаның оқытқан шәкірттерінің арасында ғалым да, инженер де, ақ халатты абзал жан да, өзі секілді ұстаз да, қарапайым жұмысшы да шықты. Олардың барлығы ұстаз есімін ардақтап, білім нәрімен сусындатқан ұстазға бас иеді.

Болашағын ұстаздықпен байла- ныстырған Досқұл апайдың ата- анасы қарапайым жандар болған. Әкесі Ыдырыс – қара жұмыста ысылған, елге сыйлы болған азамат. Анасы Назым үй шаруасымен, бала тәрбиесімен айналысқан. Ұлттық салт-дәстүрді ұстанған, перзенттерінің бойына жақсы қасиеттерді сіңірген ел-анасы атанған. Досқұл апайдың нағашысы ақиық ақын Асқар Тоқмағамбетов жөнінің бойынан оқу-білімге деген құштарлығын байқап, ұстаз болғанын қалап, батасын бер-

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҚҰРМЕТТІ ДЕ, ҚАСИЕТТІ МАМАНДЫҚ ИЕСІ ОЛ – МҰҒАЛІМ. МҰҒАЛІМ – АДАМ ТӘРБИЕЛЕЙДІ. ОНЫҢ АЛДЫНАН БАРЛЫҚ МАМАН ИЕСІ ШЫҒАДЫ. АДАМ БОЛЫП ҚАЛЫПТАСУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ӘЛІППЕСІН МҰҒАЛІМНЕН АЛАДЫ. «АДАМНЫҢ АДАМШЫЛЫҒЫ ҰСТАЗЫНАН» ДЕМЕКШІ, ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ҚАДАМ БАСАТЫН ӘРБІР АЗАМАТҚА ШАМШЫРАҚ БОЛАТЫН ҰСТАЗДЫҢ ҚҰДІРЕТТІ ЕСІМІН ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНДЕ МӘҢГІ САҚТАЙДЫ.

■ Бибисара ЖАНӘЛІ

ген. Арманы асқақ болашақ ұстаз аудан орталығындағы №35 орта мектепті үздік бітіріп, Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың жаратылыстану факультетіне оқуға түседі. Институтты химия-биология пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша аяқтаған Досқұл Абдуллинаны өзі білім алған мектепте еңбек жолын бастайды.

– Жүрек қалауымен мұғалім болдым. Оқушыларға сапалы білім беруде ізденіспен жұмыс жасадық. Әріптестерімен тәжірибе алма- сып, оқушыларды пән олимпиа- даларына дайындауда алдымызға жан салмайтынбыз. Пәнге де- ген қызығушылықты арттыру үшін зертханалық сабақтарды көптеп жүргізетінбіз. Жабдықталған пән кабинеттерінде сабақ беріп, оқу- шылардың қызығушылығын артты- рып, уақытпен санаспайтынбыз. Қазір еңбегімнің жемісін көріп отырмын. Шәкірттерім қандай қызметте жүрсе де ұмытпай, ме- рекелерде құттықтап жата- ды. Ардагер-ұстаз ретінде сый- сияпатқа кенеліп отырмын. Өзім еңбек еткен №35 мектеп-лицей басшылығы ұжымның атынан ме- рейтойымен құттықтап келді. Ри- замын, Алланың нұры жаусын. Қарт ұстаз үшін мұнан асқан бақыт жоқ шығар, сірә, – дейді ардагер.

Иә, «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» деп айтпақшы, ұстаздың еңбегі ерен. Шәкірт жүрегіне жол тауып, сапа- лы білім беріп, ел болашағының негізін қалайтын өрендерін тәр- биелеп шығару – нағыз ұстаздың қолынан келетін өнер. Бір сөз- бен айтқанда, Досқұл апай жүрек жылуын, мейірім шуағын, адам- гершілік ұллылығын оқушының бойына дарыта білген ұстаз деген атқа лайық болды.

Ардақты жан мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшер- баев, Моңғолияда елшілік қызметті атқарған Қалдыбек Қобландин, №35 мектеп-лицей директоры Бақытжан Бақбергенова, ардагер- журналист Шаһарбек Нұрсейітов және тағы басқа еліміздің түкпір- түкпірінде қызметте жүрген белгілі азаматтардың ұстазы болған. Ұ- стаз шәкірттерінің жетістіктерін көріп, біліп, тілеуқоры болып оты- рады. Шәкірттерінің есімдерін мақ- танышпен айтады.

Досқұл апай саналы ғұмырында оқушыларға білім берумен қатар сүйікті жар, аяулы ана болды. Төребек Сапаров есімді азамат- пен бас қосып, ұл-қыз тәрбиеледі. Қазір 4 ұл мен 1 қыздың барлығы жоғары, орта кәсіптік білімдері бар, түрлі салада қызмет жасай-

тын бір-бір отбасы иесі.

– 40 жыл ұстаз болдым. Өмі- рімді шәкірт тәрбиесі мен біліміне арнадым. Отбасын құрып, шаңыра- ғымызда береке-бірлік орна- ды. «Адам ұрпағымен мың жа- сайды» демекші, осында жасқа келгеніме Аллаға шүкіршілік айта- мын, өсіп өніп жатырмыз. Үлкен ұлым – Бақытбек Қызылорда қала- сында мұнай саласында, екін- ші ұлым Дәуітбек – Алматы қала- сында көлік қатынасы саласын- да маман. Қызым – Гүлнара жо- лымды қуып, ұстаз атанды. Ол На- зарбаев Зияткерлік мектебінде химия-биология пәнінен сабақ береді. Үшінші ұлым Батырбек – мұнай саласында бұрғылаушы. Кенжем Ақылбек – жеке кәсіпкер. Барлығы да отбасылы, ұл-қыз тәрбиелеп отыр. Балаларымнан 14 немере, 4 шөбере сүйіп отырған бақытты әжемін. Немерелерім Ал- тынбек, Мәлдір, Жәмилә қаржы- герлер, Асылбек көлік қыз- метінде, Нұрсұлтан Қорғаныс күштері саласында ұшысы. Басқа да немерелерім әртүрлі маман- дықтарды тандап, елге қызмет етуде, – дейді ақ жаулықты ана.

Мамандығын шын сүйіп, ұлы қызметте абыройға кенелген ар- дақты ұстаз адамдықтың бақытына осылайша жетіп отыр.

Әдеби кеш

№210 ОСПАН ӘБІЛПАТТАЕВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ АҒАРТУШЫ-ПЕДАГОГ, ЖАЗУШЫ, ЭТНОГРАФ ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ДАЛАНЫҢ ДАРА ҰСТАЗЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӘДЕБИ КЕШ ӨТКІЗІЛДІ. ТАНЫМДЫҚ ІС-ШАРАҒА МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ СВЕТА САҚТАПОВА, ҰСТАЗДАР МЕН ОҚУШЫЛАР ҚАТЫСТЫ.



■ Балтабай АЯБЕКҰЛЫ

ҰЛТ ҰСТАЗЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын көпшілікке таныстыру мақсатында өткізілген іс-шарада «Жас толқын» жасөспірімдер театр үйірмесінің мүшелері өнер көрсетті. Кеменгер ұстаздың шығармаларынан үзінді оқып, көрініс қойды. Бала жанының бағбаны атанған Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы кеңінен насихатталды. Соны- мен бірге, ең алғашқы «Әліппе» үйрету ба- рысы жайлы бейнекөрініс көрсетілді. Мек- теппе оқушылары ән айтып, би биледі.

Өз кезегінде мектеп директоры С.Сақтапова сөз алып, мектеп жанынан ашылған үйірме жұмысына сәттілік тіледі.

– Был қазақ әдебиетінде елеулі жыл саналады. Себебі, алғаш ағартушылық саланың негізін қалаған Ыбырай Алтын- сариннің 180 жылдығы республика кө- лемінде аталып өтілуде. Оның әрбір қазақ

баласының білім алуына ғылыми негіз са- луы ұлттық мұра ретінде қарастырылады. Ағартушы ғалым өз өлендерінде ба- лаларды оқуға, білім алуға шақырса, әңгімелерінде еңбекті суюға, кадрлеуге, адамгершілікке, имандылыққа, адал дос- тыққа, тазалыққа үйретеді. Бұл ретте, педагог-ұйымдастырушы Өркен Арқов өмір жолы кеңінен насихатталды. Соны- мен бірге, ең алғашқы «Әліппе» үйрету ба- рысы жайлы бейнекөрініс көрсетілді. Мек- теппе оқушылары ән айтып, би биледі.

Өз кезегінде мектеп директоры С.Сақтапова сөз алып, мектеп жанынан ашылған үйірме жұмысына сәттілік тіледі.

– Был қазақ әдебиетінде елеулі жыл саналады. Себебі, алғаш ағартушылық саланың негізін қалаған Ыбырай Алтын- сариннің 180 жылдығы республика кө- лемінде аталып өтілуде. Оның әрбір қазақ

Адам және Заң

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК КОДЕКС ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН РЕТТЕЙДІ

Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс азаматтардың заң аясында құқығын қорғайды. Осы Кодекс арқылы мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастары, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібі реттеледі.

Мемлекеттік, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалар осы кодексте көрсетілген қатынастардың қатысушылары болып табылады.

Әкімшілік істерді соттың атынан әрекет ететін судья жеке-дара қарайды және шешім шығарады.

Әкімшілік сот ісін мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттар жүргізеді. Егер әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мамандандырылған аудандық немесе оған теңестірілген әкімшілік сот болмаса, оның соттылығына жатқызылған әкімшілік

істерді аудандық сот белгіленген тәртіппен қарайды.

Талап қоюшы, жауапкер, мүдделі тұлға және прокурор әкімшілік процеске қатысушылар ретінде белгіленеді. Әкімшілік сот ісін жүргізуде өкілдік ету Қазақстан Республикасы Азаматтық процесілік кодексінің қағидалары бойынша іске асырылады. Бұл Кодексте татуластыру рәсімдері қаралғанын айта кеткен жөн.

Тараптар өзара жол беру арқылы әкімшілік процесінің барлық кезеңінде сот шешім шығаруға кеткенге дейін татулау немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен, яғни екі тараптың адвокаттарының дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы судьяның қатысуынсыз әкімшілік істі аяқтай алады. Сот тараптардың татулауы үшін шара қабылдайды, дауды процесінің бүкіл сатысында реттеуге көмектеседі.

Дау айту, мәжбүрлеу, әрекет жасау, тану туралы талап қою сотқа берілетін талап қоюлар болып табылады.

Сот дауды шешім арқылы реттейді. Шешім қысқаша түрде шығарылуы мүмкін. Шешім әкімшілік істі талқылаудан кейін шығарылады және ауызша талқылау аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей әзірленеді. Алайда, әкімшілік істің күрделілігі ескеріле отырып, соттың шешімі ауызша талқылау аяқталған күннен бастап бір айдан кешіктірілмей дайындалуы да қарастырылған.

Сонымен қатар, аталған Кодекстің 173-ба- ында көрсетілгендей, соттың шешімін дереу орындауға жіберу құқығы қарастырылған.

Руслан АЛДАМБЕРГЕНОВ,
аудандық сот төрағасы

«TECHNODOM» – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ӘЛЕМІ

Жалғасы. Басы 1-бөте

– «Technodom operator» Қазақстан бойынша барлық қалада өз қызметін ұсынып келеді. Енді оның қызметін сырдариялықтар көре алады. Ау- дан тұрғындары Қызылорда қаласына бармай-ақ тұрмыстық техниканың барлық түрін осы жерден ала алады. Сатып алушыларға ыңғайлы болуы үшін интернет арқылы сайтқа кіріп, қажетті тауарын көріп, таңдап, нақты ақшаға немесе бөліп төлеу арқылы қол жеткізуге мүмкіндігі бар. Ақционерлік қоғамның Қазақстан бойынша жеті банкпен келісімшарты жасалған. Банк арқылы 24 айға бөліп төлеу де қарастырылған. Облыс аудандарында ашылған «Technodom operator» пункттерінде тау- ар бағасында айырмашылық жоқ. Еліміз бойын- ша тұрмыстық техника бағасы бірдей, – деді аға оператор.

Аудан әкімі жаңадан ашылған «Technodom operator» жұмысымен танысып көріп, мұнда сатып алушылар үшін таңдау жасауға мол мүмкіндік беру керектігін айтты.

– Тұрғындарға затты қолына ұстап, сапа- сын көзімен көріп, таңдауына мүмкіндік жасау ке- рек. Мына ғимараттың барлық бос тұрған ор- нын пайдаланып, сауда алаңын ұлғайту арқылы сатып алушыларға да жағдай жасайсыздар. За-

ман ағымына сай интернет желісімен жұмыс істейтіндеріңіз құптарлық. Дегенмен көз алдын- да тұрған тауарды таңдап алса, әрі сенімді, әрі ыңғайлы болады. Кәсіптеріңізге береке тілеймін, – деді аудан басшысы.

Айту керек, «Technodom operator» Тереңөзек тапсырыс беру пункті ауданнан 5 адамды жұмыспен қамтып отыр. Мұнда 3 сатушы-кеңесші және 2 зат беру пунктін операторы жұмыс істейді.



ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ДАУЛАР

Тұрғын үй, құқықтық қатынастарынан туындайтын даулар, құқықтық қарым- қатынастың күрделі түрі болып табылады. Мұндай сот процесстері көбінесе адвокаттар арқылы шешіледі. Сонымен қатар, тұрғын үй тақырыптары меншік құқығынан және төлем мәселелерін әрлеу құқығынан бастап өте үлкен қатынастарды қамтиды. Оған коммуналдық қызметтер, мұрагерлік даула- рынан туындаған мәселелер жатады.

Көбінесе тұрғын үй-коммуналдық жұ- мыстармен, сондай-ақ көршілер мен туыс- тар, отбасылық қарым-қатынастар және азаматтық арасындағы қатынастарда жиі қабылданады және ерлі-айыптылардың ажырасу жанжалдары барысында туындай- тын екі жақты дауға айналады. Әсіресе, бұл – қазіргі жастардың арасында белең алып отырған мәселе.

Екінші жағдайда жылжымайтын мүлік құқығын тіркеу, мұрагерлік т.б. барысында немесе сатып алғаннан кейін жылжымайтын мүлікке құқықтар берген кезде, үшінші та- раптар пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда, әсіресе мәміленің заңды тазалығы дұрыс тексерілмеген кезде орын алады.

Тұрғын үй құқықтық қатынастарынан туындайтын дауларында кейде сот талқылауы бірнеше жылдарға созылады. Қазақстан Республикасында тұрғын үй қатынастары Заңымен, Азаматтық кодекс нормаларымен және соларға сәйкес шығарылатын өзгеде ҚР заңнамасымен реттеліп қаралады. Бүгінгі таңда тұрғын үй дауларын шешудің тәртібін ымыраға келтіріп реттейтін бірде-бір заң медиация болып табылады.

Тоғжан МАХАНБЕТОВА,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
университеті Экономика және
құқық институты «Құқықтау»
кафедрасының 4 курс студенті

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

2021 жылдың 21 желтоқсан күні «НЕДРА КОМ» ЖШС Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көшесі 8 үйі сағат 14.00 -де «Эмиссиялардың рұқсат етілген шекті нормативтер» жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдау өтеді.

Карантин ұзартылған жағдайда, бұл қоғамдық тыңдау онлайн режимінде Қызылорда қаласында ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы өтеді;

Шақыру сілтемесі:
<https://us04web.zoom.us/j/78506432802?pwd=VFhEaFdGdjNiRWdNjN3RibFVJMUsWz09>
Жеке идентификация нөмірі: 785 0643 2802
Кіру коды: WW2Rsz

Тапсырыс беруші: «НЕДРА КОМ» ЖШС, БИН 0180440040325, Шымкент қаласы, Фарабийский ауданы, Желтоқсан көшесі,17
Әзірлеушілер: «Effect Group» ЖШС, Қызылорда қаласы, Байсеитова, 12, БИН 140240025703, тел. (факс): 8-777-067-65-29.

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ecportal.kz/> және ЖАО веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: gul_shat_k@mail.ru, 8-777-067-65-29

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғаты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №91, тел: 8-(7242)-60-53-62

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

21 декабря 2021 года в 14:00 по адресу: ул.Конаева 8, поселок Теренөзек, Сырдарьинского района Кызылординской области проводятся общественные слушания в формате открытого собрания по проекту нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу для Юго-Западного поднятия месторождения Аксай ТОО «НЕДРА КОМ» НА 2022 ГОД.

В случае продления карантина данные общественные слушания будут проводиться в режиме онлайн посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM в г.Кызылорда.

Ссылка приглашения:
<https://us04web.zoom.us/j/78506432802?pwd=VFhEaFdGdjNiRWdNjN3RibFVJMUsWz09>
Идентификатор персональной конференции: 785 0643 2802
Код доступа: WW2Rsz

Заказчик: ТОО «НЕДРА КОМ», БИН 180440040325, Г.ШЫМКЕНТ, АЛЬ-ФАРАБИЙСКИЙ РАЙОН, УЛИЦА ЖЕЛТОКСАН, Д. 17.

Разработчики: ТОО «Effect Group», БИН 140240025703, г/ Кызылорда, ул. <fctqbnjdf 12, тел. (факс): 8-777-067-65-29.

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местной исполнительного органа: <https://ecportal.kz/> и сайт МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: gul_shat_k@mail.ru, 8-777-067-65-29

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа:
Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, №91, тел: 8-(7242)-60-53-62

Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетіне хабарландыру, құттықтау, еске алу немесе басқа да ақпараттық материалдар орналастырғыңыз келсе: 8 (724 36) 21-1-41 телефон нөмірі арқылы хабарласуға болады. E-mail: tirshilik-tinisi@mail.ru